

Мәслихаттың 2014 жылғы 24 қарашадағы № 278 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 389 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 қаңтарда № 6123 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2021 жылғы 22 қазандағы № 71 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 22.10.2021 № 71 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген, "Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 24 қарашадағы № 278 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 19 желтоқсандағы 5232 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 15 қаңтарда " Житикаринские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2-тармағының 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу үшін көрсетілетін қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

өтініш;

көрсетілетін қызметті алушының, заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;

тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы);

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы;

мүгедектігі туралы анықтама;

банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат;
мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы.".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Сессияның төрағасы

Н. Джафаров

Жітіқара аудандық

мәслихатының хатшысы

М. Кененбаева

КЕЛІСІЛДІ

"Жітіқара ауданы әкімдігінің
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ А. Мекебаева

2015 жылғы 10 желтоқсан

"Жітіқара ауданы әкімдігінің
экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Г. Баймухамбетова

2015 жылғы 10 желтоқсан